

# 15 Нақты қылмыстардың себептері, шарттары және механизмдері

## Нақты қылмыстардың себептері мен шарттары

- нақты қылмыстардың **себептері мен шарттары** түсінігімен заңды бұзбайтын адамдарға емес, қылмыскерлер үшін тән жеке тұлғаның қалыптасуы ерекшеліктері, оның әлеуметтік және психологиялық мәртебесі, қызметі және оны қоршаған объективті сыртқы факторлардың кешені қамтылады.
- **қылмыс** - адамның қажеттіліктерінің, мүдделерінің, құндылықтар бағамының деформациясымен байланысты оның өмірдегі ұстанымдары, жеке басының ерекшеліктерінің оның мінез-құлқынан көрініс беруі.
- тұлғаның **криминогендік** ерекшеліктері адамның жағымсыз ортада өсуінің ұзақ процессінің нәтижесі болып табылады. Бұл процесс тәра және кері байланыстар жүйесімен дамиды.

- криминогенді ниеттің негізіне айналатын нақты тұлғаның қажеттіліктерінің, мүдделерінің, құндылықтар бағамының **дисгармонияға** немесе **деформацияға** ұшырататын қоршаған орта;
- **криминогендік ниеттің** өзі;
- жеке тұлғаның қалыптасуы, өмір сүру процессіндегі және тікелей қылмыс жасау кезіндегі, сондықтан криминогенді ниеттің **пайда болуына** және **жүзеге асырылуына** ықпал ететін (нақты қылмысқа ықпал ететін шарттар) ситуациялар;
- адамның криминогенді ықпалдарға еліктеуін **күшейтетін** және олардың адамның ішкі сеніміне **айналуына әсер ететін** тұлғаның психофизиологиялық және психологиялық ерекшеліктері.

## Қылмыстық мінез-құлық механизмі

**Қылмыстық мінез-құлық механизмі** - бірнеше ықтимал мінез-құлық нұсқаларының ішінде қылмыстық жолды таңдауға және жүзеге асыруға итермелейтін тұлғаның психикалық жай-күйі мен процесстерінің сыртқы ортамен байланысы

Осы тізбектегі негізгі жүйе - **ниет**. Ниеттің қалыптасуының негізінде **қажеттіліктер** жатыр, сол арқылы сыртқы ситуациялар санаға ықпал етеді, ал қажеттіліктердің өздері тұлғаның сыртқы ортамен байланысының нәтижесі болып табылады.

**Ерік** қылмыстық мінез-құлық механизмінің елеулі элементі болып табылады. Ерік дегеніміз - ішкі және сыртқы кедергілерден өтуді талап ететін тұлғаның өз іс-әрекеттерін саналы түрде реттеуі.

Ниетті жүзеге асыру жолдары мен құралдарын таңдау нақты ситуацияға тәуелді болады. Ол субъектіге нақты мақсатының қалыптасуына ықпал ететін ниет таңдауын береді. Мақсат тұлға әрекеттерінің болашақ нәтижелері ретінде көрініс береді.

Тұлғаның ерік-жігері оның мақсат қоя білуінен, батыл шешімдер қабылдай алуынан, табандылығы мен бірбеткейлігінен, дербестігінен көрінеді.

Бұл жүйе қылмыс жасау туралы шешім қабылдаумен және оны нақты қылмыстық әрекет арқылы жүзеге асырумен аяқталады.

# Криминогенді ситуация (тұлғаның қылмыс жасауға итермелеген оқиға немесе белгілі бір жағдай)

## Нақты қылмыстық мінез-құлық механизміндегі **ситуацияның орны**

- Криминогенді ситуация қылмыскер тұлғасы, қоршаған орта және қылмыс арасында жалғастырушы орын алады. Ол қылмыстың алдын алғып жүреді және оның айнымас «серігі» болып табылады.

Нақты қылмыстық мінез-құлық механизміндегі ситуация абайсызда жасалатын, оның ішінде аффектілі қылмыстарда шешуші орында.

Бейтарап не қылмыскердің әрекеттерін қиындататын ситуациялар. Қылмыстық-құқықтық мәнге ие, себебі тұлғаның табандылығын, теріс пиғылын көрсетеді.

## Нақты қылмыстық ситуациялық **типтер**

Орын алған **уақыты бойынша**: бір жолғы, қысқа мерзімді, салыстырмалы ұзақ, ұзақ.

**Аяқ астынан туындау дәрежесі бойынша**: күтпеген жерден, қылмыскердің бірнеше рет бақылауында болған, үнемі бақылауда болған.

Нақты орын, уақыт және т.б. мән-жайлардан көрінетін, яғни қылмыс жасауға себеп болатын көзге түсетін себептердің болуы, болмауы

## Нақты қылмыс жасауға шешім қабылдауға ықпал ететін **ситуация** түрлері

қылмыскер алдын ала дайындаған **қылмыскер кездейсоқ тап болған ситуациялар**

Басқа тұлғалардың құқыққа қайшы немесе аморальді әрекеттерінен туындаған

**Ықтимал жәбірленшілердің, үшінші тұлғалардың жеңіл ойы, абайсыз әрекеттірнен туындаған**

Тұлғаның өмір сүру ортасының не жұмысының ұзақ уақыт нашар жағдайларда болуы, жеке немесе отбасылық ауыр мән-жайлардың қысқа мерзімді тоғысуы салдарынан туындаған

**Науқастығы, шаршауы себебінен тұлғаның экстремальді жағдайда болуы, қолайсыз ауа-райы**